

№34 көп салалы мектеп-гимназиясы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№4 Хаттамасы

Атырау қаласы

10.09.2021ж

Қатысқандар 9

1. Баемирова Айнур-қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Бактыгереева Айнагүл-мүше
3. Койбақова Сандуғаш-мүше
4. Сарсенов Рафик-мүше
5. Катешова Ағиба-мүше
6. Сактанов Ерлан-мүше
7. Ботағариева Гулшат-мүше
8. Ахметова Айнагүл-мүше
9. Тобжанова Салтанат-мүше

Күн тәртібінде

1. 2021-2022 оқу жылының басталуы
2. Педагог мәртебесі туралы Заң туралы хабарлама-Мектеп директоры О.Хуандықова
3. ҚР -да білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Тыңдалды:

1.Мектеп директоры: О.Хуандықова сөз алды 2021-2022 оқу жылында мектеп оқушылары мектепке келіп оқып, білім алады. Оқушылардың мектепте оқуына барлық жағдайлар жасақталған.. Мектебімізде мед.пункт бар және оған қарасты арнайы оқшаулау бөлмесі жасақталған. Бүгінгі уақытта алдымызда білім алып отырған оқушыларымызға денсаулықтарын сақтау үшін санитарлық талапқа сай маска киіп жүрумен қатар дәлізде тұрған антисептикпен уақытылы пайдалану үшін жасақталынды.

Екінші мәселе: Педагог мәртебесі туралы" заң жобасы 21 баптан тұрады және жарты миллионнан астам ұстаздың жұмысына қатысты. Жалпы, заң жобасы төрт бағытты қамтиды. Біріншіден, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстардан босату, олардың жүктемесін азайту. Екіншіден, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту. Үшіншіден, материалдық емес ынталандыру тетіктері, сондай-ақ

төртіншіден, материалды ынталандыру. Бірінші бағыт – педагогтардың құқықтары бойынша бірнеше норма қарастырылған. Олардың барлығы мұғалімнің жеке дамуына және оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұғалімдерді артық жұмысқа, өзінің қызметіне кірмейтін жұмысқа тартуға, шамадан тыс есеп беруге, қағазбастылыққа, негізсіз тексеру жүргізуге тыйым салу арқылы жүктемені азайту бойынша жеке нормалар көзделген. "Педагог мәртебесін арттыру оның қызметіне қойылатын талаптарды күшейтуді қажет етеді. Осы орайда заң жобасына сәйкес, педагогикалық жұмысқа жіберілмейтін себептер де кеңейтілді. Бұдан бөлек, мұғалімдердің этика мәселелеріне де көңіл аударылып отыр. Әр білім мекемесінде әдеп бойынша кеңестер институты енгізіліп, жұмыс істейді. Мұғалімдердің балаларына балабақшаға бірінші кезекте орын беру нормасы қарастырып отыр. Барлық педагог қызметкерлер алдағы уақытта 56 күндік демалысқа шыға бастайды. Сонымен қатар ауылдық жерлерде жұмыс істейтін педагогтарға жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін алу үшін басымдық берілмек. Білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін ер азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру нормасы да қарастырылған. Бұның алдында осы норма ауылдық жерге қатысты болса, қазіргі уақытта бұл норма кеңейтіліп отыр. Қаңтар айынан бастап педагогтардың жалақысы 25 процентке өседі.

Үшінші мәселе ҚР -да білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары- Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделген, білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Бұл «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Мемлекет басшысының сайлауалды платформасы, тамыз кеңесінде және Қазақстан халқына арналған Жолдауда берілген тапсырмалар толығымен ескерілген. Бағдарлама жобасы педагогикалық ұжымдарда мұғалімдермен, Президент жанындағы Ұлттық кеңестің өкілдерімен, сарапшылармен және Парламент депутаттарымен талқыланды. Бұл жобаның ерекшелігі – PISA, TALIS, PIAAC, PIRLS, ISILS секілді 5 халықаралық зерттеудің нәтижелері бізге негізгі проблемаларды анықтауға және олардың шешімдерін табуға мүмкіндік берді. Жалпы, жаңа Мемлекеттік бағдарлама жобасында 2 мақсат, 11 міндет, 8 индикатор, 39 көрсеткіш қарастырылған. Жаңа мемлекеттік бағдарламаға сәйкес негізгі міндеттер айқындалды:

- Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
 - Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту;
 - Ғылымның ел экономикасына қосар үлесінің артуы.
- Мақсаттарға жету үшін 5 бағыт, 11 міндет қарастырылған.

Мектебімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы және №83 бұйрығына қосымша бұйрықтарымен танысып отыру керек. Аттестация ережесімен барлық мұғалімдер танысып, пән бірлестігінде таныстырылып талқыланып отырылды. Жаңа аттестация ережесі бойынша біліктілік санаты бар педагогтардың 2015 жылғы аттестациядан өткен қолданыстағы категориялары мерзімі аяқталуына байланысты төмендегі педагогтардан тоқтатылды: Аттестациядан өту перспективалық жоспары құрылып, барлық мұғалімдерге аттестациядан өту мерзімі алдын-ала айтылып отырды. Дайындық жұмыстарын жүргізу үнемі хабарланып отырылды. Аттестацияға өтуге әр мұғалім өз еріктерімен кезекті және мерзімінен бұрын тапсырып отырады. Аттестациядан өту ашықтықпен өтіп отыр. Мұғалімдерге әрқашан әдістемелік қолдау жаңа өзгерістермен таныстырылып отырылды. Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ.

2021-2022 оқу жылы бойынша мектептің кітапханасында жалпы кітап қоры-63321 дана, оның ішінде оқулықтар-52731 дана, оқу әдістемеліктер саны-590 дана, брошура 87 297 909 тенге 00 тиын.





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің №364 бұйрығы, Атырау облысы білім беру басқармасының №226 бұйрығы, қалалық білім бөлімінің №667 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқушыларды оқулықпен 100 пайыз қамтыдық.

Биылғы оқу жылында 1 сыныпқа толық оқулықтарды жаңартылған бағдарлама бойынша оқушыларға түгелдей тараттық.


Жалпы гимназияның жұмысының одан әрі жақсаруына байланысты кеңес мүшелерінің ұсыныс, пікірлері тыңдалды.

Шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілетін жұмыстар уақытылы орындалсын;
2. Педагогтардың өз міндеттерінен басқа жұмыс жасауға мәжбүрленбеуін бақылау;
3. 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік емтиханға дайындығын қадағалау;
4. Білім алушылардың қауіпсіздігін қадағалау;
5. Кезекшілік жұмыстары күшейтілсін.
6. Ерекше білімді қажет ететін оқушылыармен жасалатын жұмыстар жандандырылсын.

- | | |
|------------------------------|---|
| 1. Тобжанова Салтанат мүше |  |
| 2. Бақтыгереева Анаргүл-мүше |  |
| 3. Койбакова Сандуғаш-мүше |  |
| 4. Сарсенов Рафик-мүше |  |
| 5. Катешова Ағиба-мүше |  |
| 6. Сактанов Ерлан-мүше |  |
| 7. Ботагариева Гулшат-мүше |  |
| 8. Ахметова Айнагул-мүше |  |

ҚК төрайымы:



А.Баемирова

ҚК хатшысы:



А.Кадыржанова